



Алматы қаласы Әкімі аппаратының жанындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 11 шілдегі N 4/422 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 31 шілдеде N 545 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 1/200 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 11 сәуірдегі N 370с Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 мамырдағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар туралы Үлгі ережені бекіту туралы" N 638 қаулысына сәйкес Алматы қалалық Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Әкімі аппаратының жанындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылсын (N 1 қосымша).

2. Алматы қаласы Әкімі аппаратының жанындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия туралы Ереже бекітілсін (N 2 қосымша).

3. Алматы қалалық Әкімшілігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы "Тұрақты жұмыс істейтін комиссия туралы" N 1/25 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

*А л м а т ы қ а л а с ы Ә к і м і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы*

Әкімшілік хатшысы

Ә к і м ш і л і к т і ң

2 0 0 3 ж . " 1 1 " ш і л д е г і N 4 / 4 2 2

қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н

N 1 қосымша

Алматы қаласы Әкімі аппаратының жанындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның ҚҰРАМЫ

Комиссия төрағасы:

Храпунов Вячеславович	Виктор	-	Алматы қаласының Әкімі
--------------------------	--------	---	------------------------

Комиссия төрағасының орынбасары :			
Бүкенов Ахмадиұлы	Қайрат	-	Алматы қаласының Әкімінің бірінші орынбасары
Комиссия хатшысы :			
Кенжеғарин Фазыл-Сейітұлы	Болат	-	бақылау-инспекторлық және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы
Комиссия мүшелері :			
Заяц Яков Игнатьевич		-	Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары
Баяндаров Тоғжанұлы	Мағзам	-	Алматы қаласы Әкімі аппаратының басшысы
Сатаев Құрманәліұлы	Жұманәлі	-	Алматы қаласы Әкімі аппараты мемлекеттік-құқықтық бөлімінің меңгерушісі

Әкімшілік хатшысы

Әкімшіліктің

2003 ж. "11" шілдедегі N 4/422

қаулысымен

бекітілген

N 2 қосымша

Алматы қаласы Әкімі аппаратының жанындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия

т у р а л ы

Е Р Е Ж Е

1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Әкімі аппаратының жанындағы мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (әрі қарай Комиссия) туралы осы Ереже ел Үкіметінің 2001 жылғы 15 мамырдағы N 638 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия туралы Үлгілік ереже негізінде әзірленді. Ол құрамында мемлекеттік құпиялары бар мәліметтермен жұмыс жүргізетін қаладағы барлық кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге т а р а л а д ы .

2. Комиссия құрамында мемлекеттік құпиялары бар мәліметтердің жария болуы мүмкін арналарды анықтау және уақтылы жабу, құпия құжаттардың жоғалуының алдын алу бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін құрылған, қала Әкімі аппаратының жанындағы алқалы кеңесші орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңды , Қазақстан Республикасындағы құпиялылық режимді қамтамасыз ету туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік құпияларды қорғау

жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия туралы Үлгілік ережені, осы Ережені және мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да мөлшерлемелік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері және қызметтері

Комиссия мемлекеттік құпияларды қорғаудың қажетті режимін қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында қаладағы мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің жұмысын зерттеп-біледі, мына мәселелер бойынша тәжірибелік ұсыныстарды әзірлейді:

1) мемлекеттік құпиялардың қорғалуын, жүргізілген жұмыстардың құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі ведомстволық құжаттарды, құпия мәліметтермен, құжаттармен танысуына рұқсат етілген қызметкерлер қызметтерінің номенклатураларын әзірлеу;

2) құжаттардың құрамындағы мәліметтердің құпиялылық дәрежелерін анықтау және өзгерту;

3) құрамында мемлекеттік құпиялары бар құжаттардың құпиялылық режимінің бұзылуына талдау жасау;

4) мемлекеттік құпиялар туралы мәліметтері бар жұмыстар жүргізілуі мүмкін ғимараттар бойынша аттестаттау.

Комиссия мына мәселелер жөнінде қорытындылар дайындауға қатысады:

1) құпия мәліметтердің жария болуы мүмкін жолдарды бағалау, құпия мәліметтері бар құжаттардың жоғалуы;

2) жоғалған құжаттардағы мәліметтердің құпиялылық дәрежесін анықтау.

Комиссияның мәжілістері қажетіне қарай, бірақ әрбір тоқсан сайын кемінде бір рет өткізіледі.

Мәжілістерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің өкілдері, құқық қорғау, арнаулы және фискальдық органдардың басшылары, басқа да мемлекеттік құрылымдардың құпия құжаттардың тиісті түрлерімен танысуға рұқсаты бар жауапты қызметкерлері қатысуы мүмкін.

Комиссия мәжілісінде талқыланған мәселелер хаттамамен рәсімделеді, оған комиссия төрағасы және хатшысы қол қояды.

3. Комиссияның жұмыс тәртібі

Комиссияға төраға Алматы қаласының Әкімі жетекшілік етеді.

Комиссия құрамына қала Әкімінің орынбасарлары, қала Әкімі аппаратының басшысы, қала Әкімі аппараты құрылымдық бөлімшелерінің жауапты қызметкерлері, қалалық қызметтер мен бөлімшелердің басшылары енгізіледі. Олардың барлығының мемлекеттік құпиялардың тиісті түрлерімен танысуға рұқсаты болуы тиіс.

Комиссияның дербес құрамын және оған енгізілетін өзгерістерді қала Әкімі бекітеді.

Комиссия мүшелері санатынан комиссия төрағасының орынбасары, комиссия жұмысының нақты бағыттары үшін жауапты адамдар, сондай-ақ хатшы тағайындалады.

Комиссия хатшысы:

1) барлық мүшелерді ертерек (комиссия мәжілісінен бұрын) кезекті мәжілістің материалдарымен және шешімдердің жобаларымен таныстырады;

2) комиссия шешімдерінің тиісті лауазымды адамдарға уақтылы жеткізілуін қамтамасыз етеді;

3) комиссия төрағасының нұсқауымен комиссияның ұсыныстарын жүзеге асыру мәселелері бойынша шешімдердің, өкімдердің жобаларын әзірлейді;

4) комиссия шешімдерінің орындалуын тұрақты бақылайды және комиссия мүшелеріне осы шешімдердің орындалу барысы туралы тоқсан сайын хабарлайды.

Комиссия хатшысы комиссияның кезекті мәжілісінде қаралатын мәселелер бойынша материалдар мен шешімдердің жобаларын уақтылы тапсыруды орындаушылардан талап етуге құқылы.

Комиссия мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына қажетті құжаттармен, материалдармен танысуға құқылы.

Комиссия өз жұмысын қала Әкімі бекіткен жылдық жоспарларға сәйкес ұйымдастырып, жүзеге асырады. Жылдық жұмыс жоспарларында көрініс таппаған жекелеген мәселелер жоспардан тыс қаралады.

Комиссияның жұмыс жоспарлары қаладағы барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ұсыныстарын ескеріп, жасалады.

4. Комиссияның есеп берушілігі

Комиссия өз қызметінде қала Әкіміне есеп береді.

Комиссияның жұмысы туралы есеп берушілік жоғары тұрған ұйымға ұсынылатын мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша жұмыс жөніндегі жылдық есептерде көрініс табады.

Әкімшілік хатшысы